



## РУХАНИ ЖАНГЫРУ

# Рухани жаңғыру – маңызды бетбұрыс

Тұнғыш Президенттіміз

Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі болумен бірге оның жарқын болашаққа бастайтын нақты қадамдарын да айқындаپ берді. Бұл мақалада, әсіресе, сананы жаңғырту, үлттық болмыстан, үлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, ел ігілігіне жарату жолындағы мақсат-Мұдделер тұралы өзекті мәселелерін көтерілген.

«Жаңғыру атаулы бұрынғыдан тарихи тәжірибе мен үлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің үлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру үлттық сананың түрлі полюстерін қыннан қыстырып, жараптыра алатын күдіретімен маңызды», - деп Елбасымыздың өзі айтқандай, бұл жаңа бастаманың септесумен еліміз бірқатар оң нәтижелерге иек артқаны да баршага белгілі. Яғни үлттық құндылықтар, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сініре болу т.б. қолға алынуда. Демек, тәл тіліміз бен әдебиеттімізді, мәдениеттімізді, үлттық рухымызды жаңғырту үдерісі жалғасып жатыр деуге болады. Қалай дегенде де рухани тұрғыда кемел болу қоғам үшін де, жастарымыз үшін де өте маңызды.

Өйткені ол – «Мәңгілік ел» болу жолындағы бізге ең қажетті құндылық. Рухы биік, санасы азат елдің ғана еркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны даусыз. «Болашақта үлттық табысты болуы оның табиги байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілеттімен айқындалады...» деген пікірдің де өзекті болып тұрганы содан. Олай болса әрбір жас сол қасиеттерге ие болып, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық т.б. жаһандану

дәүіріндегі жаңа қажеттіліктерді игеру керек. Ал «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық көлісім» сияқты бағдарламалар осынау меже-міндеттерді мінсіз жүзеге асыруға ықпал етеді деп білеміз. Демек, бәсекеге қабілеттілік барлық салада орын алтуы тиіс. Сонда ғана саннын сапага көштін боламыз. «Рухани жаңғырудың» үлттық идеологиямыздың басты темірқазығына айналдыру – табысты ел болуымыздың кепілі.

Үлттық жаңғырудың үлттық санамен біte қайнасқанын да білеміз. Үлттық бірегейлікте сақтау, бейбітшілік пен көлісімді насиҳаттау қазаққа жат емес. Ынтымақты елдің ырысы артады. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісіндер кезінде қабылданған оң шешім деуге болады. Демек баршамыз бір жағадан бас, бір женінен қол шығарып, бірлігімізді биік үстап, қабілетті, әлемдік дәңгейде танылған рухани кемел ел болуға ұмтылуымыз керек. Бұл тың бастаманың басты ерекшелігі дे болашақтың бүтіннен бағамдалуында болса керек. Тарқатып айтқанда, бұл тараптаты қарқынды жұмыстар алғағы қунде де жалғаса беретін болады.

А.КАЗЕНОВА,  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың  
“Көлік, тасымалдауды және  
қозғалысты үйимдастыру”  
кафедрасының аға оқытушысы.